

«Тау-кен» мамандығы бойынша философия докторы PhD дәрежесін алу үшін ұсынған К.Көлжасарұлының «Таужыныстары массивінің геомеханикалық жағдайын зерттеу және кен қазбаларының орнықтылығын қамтамасыздандыру» атты докторлық диссертациясына ғылыми кеңесінің

ПІКІРІ

Колжасарұлы Қосқанат 2012 жылы Қазақ Ұлттық техникалық университетін үздік дипломмен бітірген. 2012-2014 жылдары «Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасынан магистратураны тамамдаған.

Қазіргі кезде Респубикамызда тау-кен кәсіпорындарының өнімдеріне деген сұраныстың тек еліміздің ішкі мұқтажына ғана емес, мемлекетаралық қатынас деңгейінде де маңызы зор. Күрделі тау-кен геологиялық жағдайда орналасқан кенорындарын игерудегі іс-әрекеттер - тау жыныстарының кереуелі күйінің өзгеруімен, деформациялануымен және бұзылуымен байланысты геомеханикалық процестерді туындатады. Мұндай жағдайда, карьерлерде тау-кен қазбаларының киябеттерінің, көмер, үйінділердің және кеніштерде жерасты қазбаларының жоғарғы төбелерінің, табанларының, кентіректердің жағдайларын аспаптық бақылауға және техногендік барлық тау-кен құрылыстарының орнықтылығын қамтамасыз етуге, яғни *геомеханикалық мониторинг* жүргізуге көп көңіл аударылады.

Геомеханикалық мониторинг жүргізуде қолданылатын дағдылы геодезиялық аспаптық бақылаулар осы күнгі тау-кен өндірісінің талаптарына сай келмей жатады, өйткені олар өте көп еңбекті қажет етеді және деформациялық процестерге қарсы шараларды жасауға қажет тау жыныстары массивінің жай-күйі туралы толық мәліметтер алуға мүмкіндік бермейді. Сондықтан да, геомеханикалық мониторингі жүргізуде заманауи геодезиялық аспаптарды (электронды тахеометр, лазерлі сканерлер) қолдану, олармен жұмыс істеу тәртібін жетілдіру – инновациялық әдістердің деңгейін көтерумен тығыз байланысты.

Диссертация ҚазҰГЗУдың «Техногендік апаттардың тәуекелін басқарудың инновациялық әдістерін жасақтау жолымен төмендету» атты №757 Білім және Ғылым министрлігінің грантық қаржыландыру Жобасы аясында орындалды.

Докторант Көлжасарұлы Қосқанат тау-кен жұмыстарының қауіпсіздігін жоғарылатуға мүмкіндік беретін инновациялық технологиялар мен әдістерді қолдану арқылы тау жыныстары массивінің жай-күйін зерттеу мен қазбалардың орнықтылығын қамтамасыз етуді өз ішкі мақсат етіп қоя білді және жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде мынандай ғылыми жаңалықтарға қол жеткізді:

1) тау жыныстарының жай-күйін геомеханикалық мониторингтеуді GPS технологиялары, электронды тахеометрлерді қолдану арқылы

жүргізуден, ал карьер беткейлеріндегі жарықшақтарды лазерлік сканермен түсірудің жаңа әдісінін жасалынғандығы;

2) тау-кен қазбаларының орнықтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін, жаңалығы ҚР Ұлттық патенттік агентствоның «Пайдалы моделдерімен» расталған, тәсілдер мен жабдықтардың жасалынғандығы.

Диссертациялық жұмысты орындау барысында ізденуші Қопжасарұлы Қосқанат 16 ғылыми жұмыс, оның ішінде 3 мақала Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда, 2 мақала Ресей Федерациясы білім және ғылым ЖАК ұсынған журналдарында, 6 мақала халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар жинақтарында, 2 мақала республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциялар жинақтарында, 2 мақала ғылыми-техникалық және өндірістік журналда, 2 мақала Scopus базасы мәліметінде жарияланған және Імеографияда жарық көрді. Сонымен қатар, диссертация нәтижелері грантық Жобасының 2015-2017 жылғы есебінде (отчет) пайдаланылды.

Қорыта келе айтарым, диссертация ішкі байланысы бар, аяқталған ғылыми-зерттеулік жұмыс және зерттеулер нәтижесінде негізделген ғылыми қағидалар мен тұжырымдар геомеханикалық процестерді зерделеуде геодезиялық әдістерді жетілдіру - қолданбалы мәселенің шешілуін қамтамасыз ететін еңбек болып есептеледі.

Қопжасарұлы Қосқанаттың «Таужыныстары массивінің геомеханикалық жағдайын зерттеу және кен қазбаларының орнықтылығын қамтамасыздандыру» атты диссертациясы, ҚР БҒМ-нің білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің қойған талаптарын толығымен қанағаттандырады, ал оның иегеріне «Тау-кен» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайықты деп санаймын.

Ғылыми жетекшісі, Қ.И.Сәтбаев
атындағы ҚазҰТУ-дың профессоры,
техника ғылымдарының докторы

 М.Б.Нұрметова

Техника ғылымдарының докторы, профессор М.Б.Нұрметова қойылған қолдың растаймын.

Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ ҒҒК
Бас ғылыми хатшы



Д.Сабитова